

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Мен Азаматпын

ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.09.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/82090/

Тексерілді: \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

**Пән:** Өзін – өзі тану**Мектебі:** Ханарық ЖОМ**Күні:** 4.03.2020ж**№:** 24**Мұғалімі:** Рахмеджанова Гулноза**Сыныбы:** 4-А**Оқушылардың саны:****Тақырыбы:** Мен Азаматпын**Құндылығы:** Ақиқат**Қасиеттері:** Әділдік, адалдық, шыншылдық.**Мақсаты:** Оқушыларға азаматтық парыз туралы түсінік бере отырып, ақиқат құндылығының мәнін ашу.**Міндеттері:**

1. Білімділік: Оқушыларға әділдік ұғымы туралы түсінік беру.
2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы шыншылдық қасиеттерін дамыту.
3. Тәрбиелік: Оқушыларды адал болуға тәрбиелеу.

**Ресурстар:**

(материалдар, дереккөздер)

1. bilim-all.kz
  2. https://infourok.ru
- [1]https://angimeler.wordpress.com

<p><b>Сабақтың барысы:</b></p> <p><b>1. Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <p>5 Т – ережесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәртіп.</li> <li>2. Талап.</li> <li>3. Тыныштық.</li> <li>4. Тазалық.</li> <li>5. Татулық.</li> </ol> <p>Балалар ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып — білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік.</p> <p><b>Жағымды күйге келу.</b></p> <p><b>«Сәлемдесу» ойыны:</b> Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.</p> <p><b>2. Үй тапсырмасы.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. №23 – сабақ, 2 – тапсырманы орындау.</li> <li>2. Келесі сабақ, №24 – сабақ, «Азамат» мәтінін оқып келу</li> </ol> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Серіктің азамат бола бастағанын неден байқауға болады?</li> <li>• Нағыз азамат болу қандай іс-әрекеттерден бастау алады деп ойлайсыңдар? Неліктен?</li> <li>• «Азаматтық парызды дұрыс орындау» дегенді қалай түсінесіңдер?</li> <li>• Азаматтық парызын дұрыс орындап жүрген қандай адамдарды білесің? Айтып бер.</li> <li>• Өзіңді азаматпын деп санайсың ба? Неліктен? Айтып бер.</li> </ul>	<p>Мультимедиялық тақта, оқулық, дәптер, мақал-мәтел, дәйексөз, маркер, аққағаз, гүл, жүрек, көбелек суреттері</p>
<p><b>3. Сабақтың дәйексөзі.</b></p> <p>Әлемде парыздан артық қуатты қозғаушы күш жоқ әрі болмайды да Бауыржан Момышұлы</p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өзіңіз парыздарыңызды орындап жүрсіздер ме?</li> <li>2. Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?</li> </ol> <p>Сендер Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатырсыңдар. Сондықтан әрқайсың өз отанымызды сүйіп адал қызмет етулерің қажет. Отанға адал қызмет ету сендердің парыздарың. Ол үшін жақсы оқып, тиянақты білім алуларың керек. Балалар</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— елінің беделін көтеретін;</li> <li>— елінің атын шығаратын;</li> <li>— елінің қамын ойлайтын;</li> <li>— елі үшін еңбек ететін;</li> <li>— елі үшін өмір сүретін — нағыз АЗАМАТ Сендерсіңдер. Мен сендерге сенемін.</li> </ul>	<p><b>Ресурстар:</b> (материалдар, дереккөздер)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <a href="https://angimeler.wordpress.com">https://angimeler.wordpress.com</a></li> <li>2. <a href="http://kz-minusovki.ucoz.kz">http://kz-minusovki.ucoz.kz</a></li> </ol> <p>Материалдар, дерексөздер, ұнтаспа, оқулық, дәптер</p>

<p><b>4. Оқиға айту (Мұғалім сыйы). Бала Бұлбұл</b></p> <p>Бұлбұлдың ерекше әншілік қабілетін таныған ұстазы: — Бұлбұл, ержеткен соң кім боласың? – деп сұрады. Шәкірт ойланбастан: – Әнші болам, – деді езуіне тәтті күлкі үйіріліп. – О-о! Әнші болу үлкен арман, әрі үлкен өнер. Әнші болу үшін ұстаздың талаптарынашыдасан, сені үлкен жол адастырмай арманыңа жеткізеді, – деді ұстазы. – Ол қандай талап? Мен бәріне де төземін, – деген Бұлбұлдың даусынан сенімділікті аңғару қиын емес. – Асықпа, оны әлі-ақ сезінесің, — деп, ұстазы шәкіртін ойландырып тастады. Әнші болудан басқа ойы жоқ балауса Бұлбұл ұстаз сөзінен ешнәрсе түсіне алмады.Ертесіне ата-аналар жиналысы болды. Оған оқушылар да қатысты. Барлық ата-анамен жеке сөйлескен ұстаз кезегі келгенде Бұлбұлдың анасына: — Балаңыз туралы айтыңызшы. Бала жас шыбық секілді. Қисық өскен бұтағын кесіп, түзеп отыру керек. Бүгін оның мінезі мен іс-әрекетіндегі кемшілікті жасырамын деп, ертең үлкен қателікке ұрынып жүрмейік, – деді.Ұстаздың көкейіндегісін түсінген ана: — Бұлбұлдың балалығы болар, – деп, сөзін жұмсақ бастады. Онысы баланың көңілін ойлай сөйлесейік дегенді меңзегені еді. -Көп ұйықтайды, арманшыл. Үлкен мақсатына тек қиялмен жетем дей ме деп қорқамын. Еңбектенуі де аз. Бала ширақ болу керек емес пе?! Ата-анаға қазір қолғабыс тигізбегенде, қашан тигізбек? Әйтпесе... Анасының сөзін естіп отырған Бұлбұл қып-қызыл боп кетті. Жиналыс соңында Бұлбұл мен ұстаз оңаша қалды. Ұстаз тағы да жұмбақтап: – Әнші болу үшін ұстаздың талаптарына шыдау керек демеп пе едім. Қалай, шыдайтын түрің бар ма?–деді. Әлі де болса сөздің мәнісін толық түсінбеген шәкірт: – Мұғалім, енді ерте тұратын боламын, – деді балалық мінез танытып. – Тек ерте тұру ғана емес, ата-ана алдындағы балалық парызды ақтау бар. Тәртіпке өз-өзіңді көндіруің керек. Келесі жиналыста анаңның саған деген алаңдаушылығын қуанышқа айналдырарыңа сенемін, – деді. Бұлбұл үнсіз басын изеді. Шынында да ол осы оқиғадан соң, ата-анасын таң қалдырды. Ерте тұрып, барлық шаруаға үлгерді. Сабақты да жақсы оқыды. Сахнада ән де салды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Ұстаз шәкіртіне қандай талаптар қоюымүмкін?</i></li> <li>• <i>Оларды орындау тәрбие жағынан қандай нәтиже береді?</i></li> <li>• <i>Осы мәтіннен қандай құндылықтарды байқадыңыздар?</i></li> <li>• <i>Сендер болашақта қандай кәсіп иесі болғыларың келеді?</i></li> <li>• <i>Ата-аналарының айтқан ақылдарын тыңдап ой түйесіңдер ме?Отбасында кімді үлгі тұтасыңдар? Әңгімелеп берсеңдер.</i></li> </ul>	<p>5 Т – ережесі: Тәртіп. Талап. Тыныштық. Тазалық. Татулық.</p>
<p><b>5. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.</b> 6-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Рөлдерге бөлініп, сахналап көрсетіңдер</p>	
<p><b>6. Топпен ән айту.</b> Байқоңыр Өлеңін жазған Әбжан Омарқұлұлы Әнін жазған Мэлс Керейбаев Байқоңыр, Байқоңыр, Бұл – ғарыш алаңы. Ғажайып сонда өмір, Паш еткен даламды. Қайырмасы: Ұшамыз алысқа, Шолпанға, Марсқа. Құс жолы құпия, Жетеміз ғарышқа! Боламын ғарышкер Тоқтар мен Талғаттай. Көк жүзі күлімдеп, Ер ұлын тапқандай. Қайырмасы: Ұшамыз алысқа, Шолпанға, Марсқа. Құс жолы құпия, Жетеміз ғарышқа!</p>	
<p><b>7. Үй тапсырмасы.</b> 1. №24 – сабақ. 5 – тапсырманы орындау. 2. Келесі сабақ. №25 – сабақ, «Құмды дала қызығы» мәтінін оқып келу</p>	

**8. Сабақтың қорытынды сәті.****Тыныс алуға зейін қою.**

Баяу музыка қойылады.

Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, түзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз.

Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады...

Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе 1.....2 [3]. Рахмет!

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.